

№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінің кәсіби бағдар беруші педагогтің атқарылған жылдық қорытындысы.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұрастың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында элементтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Химия, биология, физика, математика, қоғамтану пәндерінен бағыт бойынша топтық тапсырмасын орындау;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

2023-2024 оқу жылында №32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кәсіби бағдар беруші педагогы Сайтов Ермек 9-11 сынып білім алушыларымен оқушылардың кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында диагностикалық сауалнама жүргізілді.

Мен және болашақ мамандығым тақырыбында 9-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді..

Мақсаты: Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

«Мамандық таңдау-Болашақты таңдау» тақырыбы бойынша 3-4 сынып оқушылары арасында жұмыс жүргізілді.

Мамандық таңдау-өміріңіздің бір кірпішін дұрыс таңдау.

Ең қиын мамандық -адам болып қалу.

Хосе Хулиан Марти.

Мақсаты: Мамандық таңдау оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу.

Арыс қалалық ауруханасының ашық есік күніне 9-сынып оқушылары қатыстырылды. Арыс қалалық аурухананың ВОП дәрігері Бекішова Назерке бір күндік жұмысы және медицина құралдарымен оқушыларға танысты.

«Қаржылық сауаттылық негіздері және интернет алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптері» тақырыбында 9-сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді.

Мақсаты: Бөгде адамдарға алданып өз қаражатына айрылмау және алаяқтардан сақтану, қаржы пирамидаларына кірмеудің алдын алу. Банк қызметкерлеріне қоңырау шалып немесе банк менеджерлерінен кеңес алу жайлы түсіндірілді. Оқушылар пирамида туралы түсініп өз ойларын айтты.

Арыс қаласы №17 колледж мемлекеттік коммуналдық техникалық және кәсіптік маңызын насихаттау мақсатында кәсіпорынның арнайы «аспаз» мамандығы Нұржігіт Бақыткүл, «электровоз машинист көмекшісі» мамандығы Иманбек Жақып, «дәнекерлеуші» мамандығы Оразхан Нұржан және «құрылыс шебері» мамандығы Жұпарбекова Алияның қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Арыс ауданының полиция бөлімінің бір күндік ашық есік күніне 9-11 сынып оқушылары қатысты. Арыс аудандық полиция бөлімінің бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция майоры Қарабаев Мақсат Құтжанбекұлының бөлімінің жұмысымен оқушыларды таныстырды.

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығы мен бейімін қарай бағыт-бағдар беру.

5-7 сыныптар арасында «Менің болашақ мамандығым» сурет сайысы жүргізілді. Сурет сайысы кезінде оқушыларға «болашақта қандай маман иесі боласың?» деген сауал тастап, әр оқушының өз ойын қағаз бетіне түсірді, яғни дәрігер, мұғалім, суретші, теміржолшы т.б мамандық иесі болатынын білді. Сондай-ақ оқушылар осы мамандық иелері қазіргі таңда қаншалықты қажет деген сауалды өз ойларын ашық жеткізе білді. Яғни осы жерде заман ағымына қарай мамандықтар әлемі де өзгеріп отыратыны жайлы түсінік беріліп өтті.

Мамандықтар әлеміндегі Проф TIME жеткіншектің жеті жарғысымен таныстыру

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіптік бағдар беруші: Е. Сайтов сөз алды. Оқушыларды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.

Мектептің білім берумен қатар атқаратын қызметтерінің бірі – кәсіптік бағдар беру. Оның мәні – мектеп оқушыларының болашақ мамандығын таңдау мүмкіндігін беру. Кәсіптік бағдар беру процесінде балалар педагогтардың қолдауымен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады, оның мақсаты жалпы дамыту және мамандықтармен неғұрлым толық танысу. Бұл жұмыс оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бүкіл оқу үдерісінде жүзеге асырылады. Мектептің орта сыныптарында кәсіптік бағдар беру іскерлік, психологиялық және кәсіптік бағдар беру ойындары түрінде жүзеге асырылады. Бұл әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктерін тереңірек түсінуді қалыптастырады. Бұл жас санатындағы оқушыларға кәсіптік бағдар беру барысында бар мамандықтар туралы негізгі білімдерді игереді, олардың қызығушылықтары мен даму болашағын түсінеді. Сайтов Ермек ағай «Проф TIME» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Осы тақырып бойынша викторина дайындады. Балалар сөзжұмбақ шешіп, тест тапсырмаларын орындады.

Алматы қаласы, Түркісіб ауданы «Құрлық әскерлерінің әскери институтының» мамандары лейтенант Р. Қарашев және аға сержант С. Қолдасов келіп 9-11 сынып оқушыларымен кездесіп, оқуға түсу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Департамент өскелең ұрпақтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында дайындалған мультипликациялық бағдарларына бейне ролик LED экран арқылы көрсетілді. Бейнероликтер ақшаны басқару дағдылары, ақшаны жинақтау және үнемдеу қажеттілігі, банк бөлімдері және цифрлық киберқауіпсіздік тақырыптары бойынша қаржылық сауаттылықтың негіздерін балаларға түсіндірілді. Мектептің әлеуметтік желісінде де бейнематериал жарияланды.

«Өнерімді еліме арнаймын»

Мақсаты: Оқырмандардың туған жерге деген мақтаныш сезімін ояту, жергілікті ақын мен сазгердің өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру. Оқырмандардың мәнерлеп оқу дағдысын шыңдау. Өнерді сүйеге тәрбиелеу.

Даналық пен даралықты ту еткен, кітаптары шығаратын түнектен.

Тектілігі, ақындығы ірі еткен... Сегіз қырлы серілігін сыр еткен, дегендей ақиық ақынымыз Әбдіков Темірхан Қыстаубайұлының өмірбаянымен шығармашылығын оқушыларға таныстырып 9-сынып оқушыларымен кездесу өтті.

1 «в» сынып оқушысы Тимур Керемет Ғибратқызының үйіне барып, жасөспірімдердің үлкенге көмектесіп, кішіге ізет көрсетуді үйрету мақсатында мектептің педогог психолог С Қалмаханова, кәсіптік бағдар беруші педогог Е Сайтов, әлеуметтік педагог А Нұртаева және 11 «а» сынып жетекшісі К Жараспаеваның ұйымдастыруымен 11 «а» сынып оқушылары қайырымдылық акциясын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды ізгілікке ұмтылдыру, мейірімділікке баулу және бойларына сіңіру, қайырымдылыққа тәрбиелеп, жасөспірімдерді волонтерлік қызметіне баулу.

Нәтижесінде жасөспірімдер волонтерлік қызмет – тәрбие құралы екенін ұғынып, балалар үлкенге көмектесіп, үлкенге ізет көрсетуді үйренді. Көмекке мұқтаж жалғыз басты азаматша Пазылбекова Нұрайлым көзіне жас алып, өз ризашылығын білдірді.

Жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау жобасы аясында «Жүрегім қазақ» тақырыбында кездесу өткізілді.

Мақсаты: Отанды сүйеге және салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Оқушылардың дене тәрбиесі және спортпен шұғылдануға тарту. Қайсарлыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Кездесуге Арыс қаласының спортшысы, Қажымұқан атамыздың жолын жалғастырушы, «Алыптар» сайысының бірнеше рет жүлдегері, қошқар көтеруден «Гинестер» кітабын жаңартушы Мақұлбеков Азамат Нұрғалиұлы

келіп, оқушыларға еркін тақырыпта пікір алмасып және оқушыларға шабыт беретін бейнероликтер көрсетіп, сұрақтарына жауап берді.

2024 жылдың 11 наурыз күні кәсіптік бағдар беруші педагог Ермек Сайтовтың ұйымдастыруымен 9-сынып оқушыларының арасында «Мамандықтар әлемін ашамыз» тақырыбында жобалық сайыс өткізілді.

Мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай өткізілген «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды ұйымдастыру» тақырыбындағы қалалық семинарға мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасы Қ Серманиязов қатысты.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек» туралы арнайы тәрбие сағаты өткізілді.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек» туралы дөнгелек үстел өткізілді.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай өткізілген «Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғауды ұйымдастыру» тақырыбында еңбек күні мерекесіне орай кіші қызметкерлер марапатталды.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай өткізілген «Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғауды ұйымдастыру» тақырыбында еңбек күні мерекесіне орай кіші қызметкерлер марапатталды.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай өткізілген «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» туралы мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Б Ережепов кіші қызметкерлерге түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай өткізілген «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» туралы мектеп тәрбие орынбасары Қ Насыров мұғалімдерге түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай еңбек ардагерлерімен кездесу өтті.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек күні» мерекесіне орай дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ә Ибраймов 11 – сынып оқушыларымен кіші футболдан командалық жарыс өткізілді.

Түркістан облысының білім басқармасы Арыс қаласының білім бөлімінің «№32 Ә Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 28-сәуір Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Еңбек» күніне орай мектепке лозунг ілінді.

Кәсіптік бағдар беруші педагог: Е Сайтов

